

БЕКІТІЛДІ

«Әбілқас Сағынов атындағы

Қарағанды техникалық


университеті» КеАҚ

Директорлар кеңесінің шешімімен

(30.11.2020 ж. № 3 хаттама)

(23.12.2024/жс. өзгерістер мен

толықтырулармен, №13/44 хаттама)



**«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»
КеАҚ Директорлар кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ**

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Қарағанды техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына (бұдан әрі - Жарғы) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін айқындайды, Директорлар кеңесі қызметінің, Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру мен өткізу тәртібін, оның шешімдерін қабылдау мен ресімдеуді белгілейді (бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).

2. Директорлар кеңесі

2. Директорлар кеңесі «Акционерлік қоғам туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) және Қоғамның Жарғысы Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызған мәселелерді шешуді қоспағанда, өзінің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын қоғамның басқару органы болып табылады.

3. Директорлар кеңесінің құзыреті

3. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай міндеттер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және олар туралы ережелерді бекіту;
- 5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) Қоғамның ұйымдық құрылымын және штат санын бекіту;
- 7) Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректоры лауазымына үміткер адамдардың тізімін қарау, қалыптастыру және оны республикалық комиссияның қарауына жіберу;
- 8) Қоғам Басқармасы мүшелерінің сандық құрамын, олардың өкілеттік мерзімін айқындау және Басқарма мүшелерін (Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректорын және академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесін қоспағанда) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және тәртіптік жауаптылыққа тарту;
- 9) лауазымдық айлықақылар мөлшерін және Басқарма Төрағасы – Ректордың, Қоғам Басқармасының мүшелері мен бас бухгалтерге еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау;
- 10) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 11) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
- 12) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 13) Қоғамның ішкі құжаттарының жіктегішін бекіту;

14) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғам Басқармасы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

15) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

16) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

17) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

18) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

19) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

20) ірі мәмілелерді және жасалуы туралы шешімді Заңға сәйкес Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған мерзімде Қоғамның даму жоспарын және Қоғамның атқарушы органы дайындаған және ұсынған даму жоспарының орындалуы жөніндегі Есепті бекіту;

22) Қоғамның әкімшілік шығыстарына, оның ішінде еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру тәртібі бойынша мониторинг жүргізу және бақылау ұйымдастыру;

23) профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарына конкурстық орналасу қағидаларын бекіту;

24) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына қабылдау қағидаларын бекіту;

25) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін еңбекақы мөлшерін бекіту;

26) білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың нысанын және оларды толтыруға қойылатын талаптарды бекіту;

27) академиялық құрылымдық бөлімшелерді құру және тарату туралы шешімдер қабылдау;

28) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының эндаумент-қорын құру туралы шешім қабылдау;

29) шет мемлекеттерде Қоғамның филиалдарын құру туралы шешім қабылдау;

30) Қоғамның жер учаскесін немесе өзге де жылжымалы және жылжымайтын мүлкін жалға беру және иеліктен шығару;

31) жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында, ҚР «Білім туралы» Заңында, Қоғамның Жарғысында, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексінде көзделген өзге де мәселелер *(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

4. Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғам Басқармасына шешу үшін беруге болмайды.

5. Директорлар кеңесінің Қоғамның Жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

Директорлар кеңесінің мүшесі қабылданатын шешімдердің салдары үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сенімгерлік жауаптылықта болады *(бұл*

тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).

2-БӨЛІМ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ, ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

4. Директорлар кеңесі мүшесінің құқықтары

6. Директорлар Кеңесінің мүшесі құқылы:

1) Қоғамның Ережесінде және ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын жүзеге асыру үшін Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінен қоғамға қатысты кез келген ақпаратты (құжаттарды, материалдарды) талап етуге құқығы бар;

2) мемлекеттік қызметшілер болып табылатын мүшелерді қоспағанда, өз міндеттерін атқарғаны үшін Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын атқаруына байланысты шығыстарға заңда белгіленген тәртіппен сыйақы және өтемақы алуға құқылы;

3) Жалғыз акционердің шешімдерімен, отырыстардың хаттамаларымен және директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерімен, Басқарма отырыстарының хаттамаларымен, аудиторлық қорытындылармен танысуға;

4) күн тәртібіндегі мәселелер мен қабылданатын шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін хаттамаға енгізуді талап етуге міндетті;

5) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге құқылы;

6) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне мәселелер енгізу;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және Қоғамның өзге ішкі құжаттарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

5. Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттері

7. Директорлар Кеңесінің мүшесі міндетті:

1) қоғам мүдделеріне қатысты ниеттестікті сақтауға (яғни, оған берілген мүмкіндіктерді Жарғыға қайшы келетін мақсаттарда пайдалануға құқығы жоқ және Қоғамдағы өз орнын өзге тұлғалардың мүддесінде пайдаланудан аулақ болуға тиіс);

2) өз құзыреті шегінде әрекет ету;

3) Қоғам үшін қызығушылық туғызатын мәселелер бойынша адал әрекет етуге міндетті;

4) Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымында болу мерзімі ішінде және Директорлар кеңесі аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде Қоғам туралы құпия ақпаратты жария етпеуге және жеке мүдделеріне немесе үшінші тұлғалардың мүдделеріне пайдаланбауға;

5) шұғыл мәселелерді шешу үшін Директорлар кеңесінің отырыстарына бастамашылық жасау;

6) Директорлар кеңесінің күндізгі отырыстарына қатысуға құқылы;

7) Директорлар кеңесінің шешімдерін қабылдауға, оның отырыстарының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру арқылы, сырттай дауыс беру арқылы немесе жазбаша пікірлер беру арқылы қатысуға құқылы;

8) Директорлар кеңесінің отырысына өзінің қатысуы мүмкін еместігі туралы себептерін көрсете отырып, Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті;

9) негізделген шешімдер қабылдау, ол үшін қажетті ақпаратты (құжаттар, материалдар) толық көлемде зерделеу;

10) өздері сайланған Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына және жұмысына қатысуға құқылы;

11) шешімдер қабылдау кезінде қатерлер мен қолайсыз салдарларды бағалауға міндетті;

12) өзінің мүдделері мен Қоғам мүдделері арасында қақтығыстың туындауына әкеп соғатын немесе ықтимал қабілетті іс-әрекеттерден тартыну;

13) жасалуы мүдделі деп танылуы мүмкін болжамды мәмілелер туралы мәліметтерді Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге міндетті;

14) өзінің жеке мүддесі бар мәселелер бойынша шешім қабылдауда дауыс беруден қалыс қалуға құқылы. Бұл ретте Директорлар кеңесінің мүшесі осындай мүдделілік фактісін және оның туындау негіздерін Директорлар кеңесіне дереу ашуға тиіс;

15) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес өзі туралы ақпаратты қоғамның назарына жеткізуге міндетті.

6. Директорлар кеңесі мүшелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру тәртібі және міндеттері

8. Директорлар кеңесі мүшесінің қызметі үздіксіз болып табылады және Директорлар кеңесінің шешімдерін қабылдауға қатысумен шектелмейді.

9. Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелері Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша сұранысы бойынша оған Директорлар кеңесі мүшесінің өз функцияларын орындауы үшін қоғамға қатысты қажетті ақпаратты (құжаттарды, материалдарды) беруге міндетті. Қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты (құжаттарды, материалдарды) беру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Қоғамның лауазымды адамдары 10 (он) жұмыс күні ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесіне ол сұратқан ақпаратты беруге немесе көрсетілген мерзімде ақпарат беру мүмкін еместігінің не оның осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуінің себебін көрсете отырып, жазбаша дәлелді түсініктеме беруге міндетті.

11. Директорлар кеңесінің мүшесіне оған ақпарат (құжаттардың, материалдардың көшірмелерін) беруден бас тарту жағдайлары және олардың негіздемесі Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысының қарауына шығарылуы мүмкін.

7. Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігі

12. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) келтірілген зиян үшін, оның ішінде төмендегілер нәтижесінде келтірілген шығындар үшін қоғам мен жалғыз акционер алдында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады:

1) жаңылыстыруға әкелетін ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) Заңда белгіленген ақпарат беру тәртібі бұзылған жағдайларда тоқтатылады.

13. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі негізінде Директорлар кеңесінің мүшесіне олардың Қоғамға келтірген зиянды немесе залалдарды өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

14. Директорлар кеңесінің мүшесі, егер ол Директорлар Кеңесі қабылдаған, қоғамның не Жалғыз акционердің залалына әкеп соққан шешімге қарсы дауыс берсе немесе дауыс беруге қатыспаса, жауаптылықтан босатылады.

15. Директорлар кеңесі мүшелері жауапкершілігінің негіздері мен мөлшерін айқындау кезінде іскерлік айналымның әдеттегі шарттары және іс үшін маңызы бар өзге де мән-жайлар назарға алынуға тиіс.

3-БӨЛІМ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІН ҚҰРУ

8. Директорлар кеңесінің құрамы

16. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алады.

17. Басқарма Төрағасы – Ректордан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды.

18. Басқарма төрағасы - Ректор Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

19. Директорлар кеңесінің құрамына Жалғыз акционер мүдделерінің өкілдері, тәуелсіз директорлар, Басқарма Төрағасы - лауазымы бойынша Қоғам Ректоры кіреді.

Директорлар кеңесінің немесе жекелеген мүшелердің барлық құрамын сайлау туралы мәселені белгіленген тәртіппен Қоғамның Директорлар кеңесі арқылы жалғыз акционер немесе тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет бастамашылық етеді.

Директорлар кеңесінің құрамына жұмыс берушілер және/немесе бизнес-құрылымдардың өкілдері міндетті түрде сайланады *(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

20. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 5 (бес) адамды құрайды. Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде 30 пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Қоғамның және ұйымдардың Директорлар Кеңесі құрамындағы әйелдердің ұсынылатын саны директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде отыз пайызын құрайды *(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

21. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесінде Директорлар кеңесінің міндеттерін орындау және тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті жоғары оқу орны және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы тиісті құзыреттерге, білімге, біліктілікке және іскерлік және/немесе салалық ортадағы оң жетістіктерге ие болуға тиіс. Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері Заң талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды іріктеу кезінде мыналар назарға алынады:

- 1) жұмыс тәжірибесі оның ішінде басшылық лауазымдардағы;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;
- 3) мамандығы бойынша жұмыс өтілі;
- 4) білімі, мамандығы, сертификаттарының болуын қоса отырып, оның ішінде халықаралық сертификаттарының болуы;
- 5) Қоғам қызметінің бағыттары мен салалары бойынша құзыреттердің болуы;
- 6) іскерлік бедел;
- 7) тікелей немесе ықтимал мүдделер қақтығысының болуы.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына:

- 1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынып тасталмаған соттылығы бар;
- 2) бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, Атқарушы органның басшысы, басшысының орынбасары, бас бухгалтері болып табылған адам. Көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады;

- 3) Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адам сайланбайды.

(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).

22. Директорлар кеңесінің мүшелері мен Қоғам арасындағы қатынастар шарттармен ресімделеді. Шарттарда Тараптардың құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі және басқа да елеулі талаптар көрсетіледі.

9. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі

23. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз Акционердің шешімімен белгіленеді.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционердің жаңа Директорлар кеңесі туралы шешімі қабылданған сәтте аяқталады.

24. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен қызметінің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануға жол беріледі.

25. Бір адам Қоғамның Директорлар кеңесіне қатарынан алты жылдан астам уақыт бойы сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда ғана алты жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте мұндай адамды Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын немесе Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігін және осы фактордың шешімдер қабылдау тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып, Қоғам акционерлерінің (жалғыз акционерінің) жалпы жиналысында айқындалған өзге мерзімде өтеді.

Сол адамға тоғыз жылдан астам уақыт қатарынан Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланбауға кеңес беріледі.

Ешбір адам өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспайды.

(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).

26. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Жалғыз акционер оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

27. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күн көрсетілмесе, Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

10. Директорлар кеңесінің төрағасы

28. Директорлар кеңесінің төрағасы, егер Қоғам Жарғысында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.

29. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

30. Директорлар кеңесі төрағасының негізгі функциялары:

1) Директорлар кеңесінің отырыстарын жоспарлау және күн тәртібін қалыптастыру;

2) Директорлар кеңесі мүшелерінің шешімдер қабылдау үшін толық және өзекті ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз ету;

3) Директорлар кеңесінің назарын стратегиялық мәселелерді қарауға және Директорлар кеңесінің қарауына жататын ағымдық (операциялық) сипаттағы мәселелерді барынша азайтуға шоғырландыруды қамтамасыз ету;

4) күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау, жан-жақты және терең қарау, ашық талқылауларды ынталандыру, келісілген шешімдерге қол жеткізу үшін жеткілікті уақыт бөлу арқылы Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің нәтижелілігін қамтамасыз ету;

5) негізгі стратегиялық шешімдер қабылдау кезінде ірі акционерлермен консультациялар ұйымдастыруды қамтитын акционерлермен тиісті коммуникация және өзара іс-қимыл құру;

6) негізгі стратегиялық шешімдер қабылдау кезінде Жалғыз акционермен және басқармамен консультациялар ұйымдастыруды қамтитын Жалғыз акционермен және басқармамен тиісті коммуникация және өзара іс-қимыл құру;

6) Директорлар кеңесі мен жалғыз акционердің қабылданған шешімдерінің тиісінше орындалуына мониторинг пен қадағалауды қамтамасыз ету;

7) корпоративтік жанжалдар туындаған жағдайда оларды шешу және ұйымның қызметіне теріс әсерді азайту жөнінде шаралар қабылдау және мұндай жағдайларды өз күшімен шешу мүмкін болмаған жағдайда жалғыз акционерді уақтылы хабардар ету.

8) Қоғамның заңнамасына, Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өзге де функцияларды қамтиды.

(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).

4-БӨЛІМ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

11. Корпоративтік хатшы

31. Директорлар кеңесінің жұмысын Қоғамның Корпоративтік хатшысы қамтамасыз етеді. Корпоративтік хатшының құқықтық мәртебесі Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілетін Қоғамның корпоративтік хатшысы туралы ережеде айқындалады.

5-БӨЛІМ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫ

12. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу

32. Директорлар кеңесінің отырыстары қаралатын мәселелердің тізбесі мен отырыстарды өткізу кестесін қамтитын Директорлар кеңесі бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

Уақтылы және сапалы шешімдер қабылдау үшін жыл ішінде қарауға жоспарланған мәселелер біркелкі бөлінеді.

13. Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру

33. Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар Кеңесі Төрағасының немесе Басқарма Төрағасының - Ректордың бастамасы бойынша немесе Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің, Қоғамның ішкі аудит қызметінің, Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның, Жалғыз акционердің талап етуі бойынша шақырылады.

34. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар Кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылып отырған күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

35. Бұдан басқа, Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап мынадай ақпаратты қамтуы мүмкін:

- күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер жобалары;
- отырысты шақыру бастамашысының қалауы бойынша өзге де ақпарат.

14. Директорлар кеңесінің отырысын шақырудан бас тарту

36. Директорлар кеңесі Төрағасының отырысты шақырудан бас тартуға құқығы жоқ, тек төмендегі жағдайларды қоспағанда:

- отырысты шақыру (сырттай дауыс беруді өткізу) туралы талап Қоғамның Жарғысына немесе Ережеге сәйкес келмейді;

- отырысты шақыру (сырттай дауыс беруді өткізу) бастамашысының мұндай талап қоюға құқығы жоқ;

- Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған мәселелердің ешқайсысы оның құзыретіне жатқызылмаған және (немесе) Заңның, Қоғам Жарғысының және Ереженің талаптарына сәйкес келмейді.

37. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан (сырттай дауыс беруді өткізуден) өзге де себептер бойынша бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Басқармаға өтініш жасауға құқылы, ол, егер Қоғамның Жарғысында өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

38. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей шақыруға тиіс.

39. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру (сырттай дауыс беруді өткізу) туралы талап қанағаттандырылған жағдайда, Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің шешімдер қабылдау нысанын, отырыстардың өткізілетін күнін, отырыстың өткізілетін уақыты мен орнын өзгертуге және отырыстың (сырттай дауыс берудің) күн тәртібін толықтыруға құқылы.

40. Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

15. Директорлар кеңесінің мүшелерін Директорлар кеңесінің отырысын шақыру және өткізу туралы хабардар ету

41. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы хабарламаға Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма төрағасы – Ректор немесе Корпоративтік хатшы қол қояды және директорлар Кеңесінің мүшелеріне қажетті материалдармен бірге отырыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі.

Хабарлама қамтуы тиіс:

- отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
- күн тәртібі;
- отырысты өткізу нысаны (бетпе-бет отырыс, бейне конференц-байланысты пайдаланумен бетпе-бет отырыс немесе сырттай дауыс беру);
- отырысқа (бетпе-бет отырыс өткізу кезінде) қатыса алмаған жағдайда, Директорлар кеңесі мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсіндіру.

Хабарламаға міндетті түрде баяндамашыны көрсете отырып, отырыстың күн тәртібі; Қоғам органдарының, күн тәртібінің мәселелері бойынша ішкі комиссиялардың шешімдері (болған жағдайда); күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдердің жобалары; көрсетілген мәселелерді күн тәртібіне енгізу уәждерін көздейтін анықтамалық материалдар; Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырысқа ұсынылатын қажетті құжаттар қоса беріледі. Күн тәртібінің құрамына «әр түрлі» деген мазмұндағы мәселені енгізуге жол берілмейді.

42. Қоғамның органдарына сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуға тиіс:

- 1) Тегі, аты, сондай – ақ қалауы бойынша-әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) соңғы 3 (үш) жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;
- 4) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

43. Қоғамның қызметіне әсер ететін қандай да бір мәселелерді шұғыл шешу қажеттілігі туындаған жағдайда, хабарламаны қажетті материалдармен бірге жіберу мерзімі Директорлар Кеңесі төрағасының шешімі бойынша 3 (үш) жұмыс күніне дейін қысқартылуы мүмкін.

44. Отырысты өткізу туралы хабарлама, сондай-ақ оған қоса берілетін қажетті құжаттар Директорлар кеңесінің мүшелеріне жазбаша нысанда немесе Директорлар кеңесінің

мүшелерімен келісу бойынша оларға ыңғайлы өзге тәсілмен (оның ішінде пошта, факсимильдік, электрондық немесе өзге де байланысты пайдалану арқылы) жіберіледі.

Отырысты өткізу туралы хабарламаларға, сондай-ақ Директорлар Кеңесінің мүшелеріне жіберілетін оған қоса берілетін қажетті құжаттарға тікелей әзірлеушілерден басқа, сондай-ақ тиісті мәселелерге жетекшілік ететін басқарма мүшесі міндетті түрде қол қоюға тиіс. Бұл ретте, осы құжаттарды электрондық байланыс арқылы жіберген кезде уәкілетті тұлғаның қолы анық көрінуін қамтамасыз ету қажет.

45. Хабарламаны алған Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 1 (бір) күннен кешіктірмей Басқармаға оның алдағы Директорлар кеңесінің отырысына қатысатыны-қатыспайтыны туралы хабарлауға міндетті.

16. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу орны мен уақытын өзгерту

46. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің мүшелері хабардар етілген жерде немесе уақытта өткізу мүмкін емес немесе қиындық туғызатын мән-жайлар туындаған кезде жоспарланған күн тәртібі бойынша отырыс өзге жерде немесе өзге уақытта өткізілуі мүмкін.

47. Директорлар кеңесі отырысының орны мен уақытының өзгеруі туралы Директорлар кеңесінің барлық мүшелері отырысқа келу үшін жеткілікті уақыт болуы үшін алдын ала хабардар етілуге тиіс. Көрсетілген өзгерістер туралы хабарлама Директорлар кеңесі мүшесінің хабарлама алуына кепілдік беретін кез келген нысанда Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберіледі.

48. Директорлар кеңесінің отырысы бейне конференц байланыс режимінде өткізілуі мүмкін.

17. Директорлар кеңесінің отырысында дауыс беру

49. Директорлар кеңесі шешімдер қабылдаған кезде Директорлар кеңесінің отырысқа қатысып отырған мүшелері күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру арқылы өз пікірін білдіруге міндетті.

50. Директорлар кеңесінің отырысында мәселелерді шешу кезінде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады.

51. Отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша шешім, заңмен, Жарғымен немесе өзге де құжаттармен жасырын дауыс беру көзделген жағдайларды қоспағанда, ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

52. Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде Директорлар Кеңесінің басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

53. Дауыстар тең болған кезде Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысына төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болып табылады.

54. Отырысты бейнеконференцбайланыс режимінде өткізген кезде Google Forms арқылы жасырын дауыс беруді пайдалануға жол беріледі.

18. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы

55. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде жасалуға тиіс.

56. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында мыналар қамтылуға тиіс:

- 1) Қоғам басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу нысаны;
- 3) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 4) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 5) отырыстың күн тәртібі;

6) дауысқа қойылған мәселелер, Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген олар бойынша дауыс беру қорытындылары;;

7) қабылданған шешімдер;

8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

57. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына Корпоративтік хатшы қол қою арқылы хаттаманың дұрыс жасалуына жауапты Директорлар кеңесінің Төрағасы қол қояды. Хаттамаға отырыста болмаған Директорлар кеңесі мүшелерінің жазбаша пікірлері (олар болған жағдайда) тігіледі.

58. Директорлар кеңесінің отырысында айтылған Директорлар кеңесі мүшелерінің ұстанымын бекіту мақсатында корпоративтік хатшы жазбаша пікір білдірген Директорлар кеңесінің мүшелерін қоспағанда, Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне қол қоюға Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысына дауыс беру бюллетенін ресми тәртіппен жібере алады.

59. Корпоративтік хатшы отырыстың бейне-, аудио - жазбасын және Директорлар кеңесі отырысының стенограммасын жүргізуді ұйымдастыруға құқылы.

19. Отырыста болмаған Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша пікірін есепке алу

60. Егер Директорлар кеңесінің мүшесі отырысқа жеке өзі қатыса алмаса, сондай-ақ отырыс сырттай дауыс беру арқылы өткізілген жағдайда, Директорлар кеңесі мүшесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін жазбаша білдіруге құқығы бар.

61. Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша пікірді Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін күнтізбелік 1 (бір) күннен кешіктірмей не отырыс сырттай дауыс беру нысанында өткізілген жағдайда, қол қойылған сырттай дауыс беру бюллетеньдерін қабылдаудың соңғы күнінен кешіктірмей ұсынуға тиіс.

62. Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші Директорлар кеңесінің отырысында болмаған Директорлар кеңесі мүшелерінің ұсынылған жазбаша пікірлерін осы пікірлер ұсынылған күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру басталғанға дейін жария етуге міндетті.

20. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі

63. Директорлар кеңесінің отырысында шешімдер осы отырыстың күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша ғана қабылданады.

Мәселені күн тәртібіне енгізудің бастамашысы шешім шығарылғанға дейін кез келген уақытта өз мәселесін күн тәртібінен алып тастай алады, бұл хаттамада міндетті түрде тіркеледі.

64. Дауыс беруге шығарылатын тұжырымдалған күн тәртібі мен шешімдердің жобалары, сондай-ақ осы мәселелер бойынша материалдар отырыс өткізілгенге дейін кемінде 7 (жеті) жұмыс күні бұрын Корпоративтік хатшыға ресімдеуге беріледі.

65. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы құрамының 2/3 (үштен екісі) қатысатын Директорлар кеңесінің кез келген отырысы барысында күн тәртібіне, егер оларды күн тәртібіне енгізу үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қосымша мәселелер енгізілуі және дереу қаралуы мүмкін. Осы тәртіппен күн тәртібіне ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді мақұлдау туралы мәселелер енгізілмейді.

21. Директорлар кеңесі отырыстарының регламенті

66. Директорлар кеңесінің отырысы кворум болған кезде хабарламада көрсетілген уақытта басталады және Директорлар кеңесінің Төрағасы ашады.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелерін

(олардың жазбаша түрде білдірген дауыстары болған кезде) ескере отырып айқындалуы мүмкін.

67. Кворумды отырыс басталар алдында Директорлар кеңесінің төрағасы айқындайды.

Кворум болмаған жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты күнгізбелік 14 (он төрт) күннен аспайтын мерзімге ауыстыру туралы хабарлайды.

68. Директорлар кеңесінің төрағасы қатысушыларға Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворумның бар екендігі туралы хабарлайды және директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін жария етеді.

69. Директорлар кеңесінің отырысы келесі кезеңдерді қамтиды:

- Директорлар кеңесі мүшесінің немесе шақырылған адамның күн тәртібіндегі мәселе бойынша баяндама жасауы;

- Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамынан оппоненттің (болған жағдайда) күн тәртібі мәселесі бойынша өзі ұсынған шешім жобасын ұсына отырып сөз сөйлеуі;

- күн тәртібіндегі мәселені талқылау;

- күн тәртібінің мәселесі бойынша шешімді тұжырымдау жөніндегі ұсыныстар;

- күн тәртібі мәселесі бойынша дауыс беру нұсқалары;

- дауыстарды санау және дауыс беру қорытындыларын шығару;

- күн тәртібінің мәселесі бойынша қабылданған дауыс беру қорытындылары мен шешімін жария ету (қажет болған жағдайда орындау мерзімдері көрсетіледі).

70. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында 7-ден (жеті) көп емес дербес мәселе талқылауға шығарылуға тиіс. *(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*

71. Директорлар кеңесінің бетпе – бет отырысында баяндамалар үшін уақыт 15 минуттан аспайтын, сөз сөйлеу үшін-10 минуттан аспайтын уақыт белгіленеді.

72. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері мен Корпоративтік хатшы ғана қатыса алатын жабық отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

73. Директорлар кеңесінің отырыстарына Директорлар кеңесінің Төрағасы Қоғамға аудит жүргізген аудиторлық ұйымның өкілдерін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін, Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерін, сондай-ақ өзге де адамдарды шақыруы мүмкін.

6-БӨЛІМ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ШЕШІМДЕРІ

22. Директорлар кеңесінің шешімдер қабылдауы

74. Белгіленген тәртіппен бекітілген Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің шешімі мынадай тәсілдермен қабылданады:

- осы отырыста болмаған Директорлар кеңесі мүшелерінің жазбаша пікірін ескере отырып, отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс беруімен;

- сырттай дауыс беру арқылы.

75. Директорлар кеңесінің шешімі отырысқа қатысып отырған (оның ішінде Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелерінің жазбаша пікірін ескере отырып) немесе сырттай дауыс беруге қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

76. Қоғамның жасалуына мүдделілік бар ірі мәмілелерді жасасу туралы шешім оны жасауға мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Егер осындай мәмілені жасасуға мүдделі Директорлар кеңесі мүшелерінің саны директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем болса, оны жасасу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

77. Құны Қоғам активтері құнының 25% - ынан (жиырма бес пайызынан) асатын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені Қоғамның жасасуы қажет болған

жағдайда, Директорлар кеңесі барлық қажетті құжаттарды алдын ала келісу үшін міндетті түрде Жалғыз акционерге жібереді.

78. Қоғамның жылжымайтын (ғимараттарды, құрылыстарды және жер учаскесін) және жылжымалы мүлкін иеліктен шығару мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша жалғыз акционердің шешімімен жүзеге асырылады.

7-БӨЛІМ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ СЫРТТАЙ ДАУЫС БЕРУ АРҚЫЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУЫ

23. Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауы

79. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері дискуссиялық емес сипатқа ие мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасының шешімі бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

80. Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесінің отырысын өткізбей қолданылады.

81. Бұл ретте отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша сырттай дауыс беру үшін белгіленген нысан бойынша жасалған бюллетеньдер қолданылады.

82. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень Директорлар кеңесінің мүшелеріне оның өткізілетіні туралы хабарлана отырып, сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күніне дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберілуге тиіс. Құжаттарды алдын ала зерделеуді талап етпейтін мәселелер бойынша бюллетень дауыстарды санау күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей Директорлар Кеңесінің мүшелеріне жіберілуі мүмкін.

83. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень және өзге де ақпарат (материалдар) Директорлар кеңесінің мүшелеріне пошта, электрондық немесе өзге де байланыс арқылы жіберілуге немесе жеке өзіне табыс етілуге тиіс.

84. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде мыналар болуға тиіс::

- қоғамның толық атауы және орналасқан жері;
- сырттай дауыс беру үшін қол қойылған бюллетеньді Корпоративтік хатшыға ұсынудың соңғы күні;
- отырыстың күн тәртібі;
- дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- қабылданған шешімдер;
- өзге де мәліметтер.

85. Директорлар кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жіберген кезде Корпоративтік хатшы олардың дұрыс және біркелкі жасалғанын өз қолымен және мөрмен куәландырады;

86. Дауыс берудің соңғы күнінің 16 сағат 30 минутынан кешіктірмей бюллетеньдерді Директорлар кеңесінің мүшелері немесе олар уәкілеттік берген адамдар Қоғамның орналасқан жері бойынша жеткізуі тиіс.

87. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдермен кворум болған кезде шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

88. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі бюллетеньдерді қабылдау аяқталатын белгіленген күннен бастап 3 (үш) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жазбаша түрде ресімделуі және оған Директорлар кеңесінің төрағасы мен Корпоративтік хатшы қол қоюы тиіс.

89. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыс шешімінің жазбаша ресімделген күні мен орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) отырысты шақыруды жүзеге асырған адамды көрсету;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның болуы / болмауы туралы жазба;

7) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары және қабылданған шешім;

8) өзге де мәліметтер.

90. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер және сырттай дауыс беру қорытындылары Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдер қоса беріле отырып, шешімге қол қойылған кезден бастап 20 (жиырма) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жеткізіледі.

91. Директорлар кеңесінің сырттай отырыстары айына бір реттен жиі өткізілмеуге тиіс.

92. Директорлар кеңесі мүшелері құрамының кемінде жартысы қойылған мәселе бойынша сырттай отырыс өткізуге қарсылықтарын білдірген жағдайда, Директорлар кеңесінің Төрағасы осы мәселе бойынша сырттай дауыс берудің күшін жояды, ал мәселе Директорлар кеңесінің таяудағы бетпе-бет отырысының күн тәртібіне қойылады.

Бұл ретте Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне, сондай-ақ дауыс беру бастамашысына сырттай отырыстың күшін жою туралы хабарлайды.

93. Қоғам қызметінің аса маңызды, түйінді, стратегиялық мәселелері бойынша шешімдерді сырттай дауыс беру арқылы қарауға және қабылдауға жол берілмейді.

8-БӨЛІМ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

24. Директорлар кеңесінің комитеттерін құру

94. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесінің ұсынымдарын дайындау үшін Директорлар кеңесі тұрақты жұмыс істейтін комитеттер құруға құқылы.

95. Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) тағайындаулар және сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің жекелеген комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, осы мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).

96. Комитеттің Директорлар кеңесінің атынан әрекет етуге құқығы жоқ.

97. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сараптамалық кеңес беретін Директорлар кеңесінің комитеттерінің қажетті кәсіби білімі бар тәуелсіз сарапшылар мен консультанттары Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұрады *(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*

98. Аудит жөніндегі комитеттің құрамына бухгалтерлік есеп және аудит, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау саласында білімі мен практикалық тәжірибесі бар тәуелсіз директорлар кіреді.

Егер Директорлар кеңесі осы адамның аудит жөніндегі комитетке мүшелігі акционерлер мен қоғамның мүдделеріне жауап береді және тиісті негіздемелер береді деп шешсе, тәуелсіз болып табылмайтын Директорлар кеңесінің мүшесі комитет құрамына сайланады.

(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).

99. 95 - тармақтың бірінші бөлігінің 1) - 3) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарастыру міндеті кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары тәуелсіз директорлар болып табылады.

100. *(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды).*

101. Басқарма төрағасы – Ректор Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

102. Комитеттің қорытындысы ұсынымдық сипатта болады.

25. Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметін қамтамасыз ету

103. Барлық комитеттердің қызметі Директорлар кеңесі бекітетін, комитет мүшелерінің құрамы, құзыреті, сайлау тәртібі, комитеттердің жұмыс тәртібі, сондай-ақ олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ережелерді қамтитын ішкі құжаттармен реттеледі *(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*

104. Қоғам Басқармасы Директорлар кеңесі комитеттер мүшелеріне қоғамның ақпараттары (құжаттары, материалдары) қол жетімді болуын қамтамасыз етуге міндетті.

26. Директорлар кеңесі комитеттерінің есептілігі

105. Комитеттің мәселелерді қарау нәтижелері жазбаша қорытындымен ресімделеді, оған Комитет төрағасы немесе комитет отырысында төрағалық еткен адам және хатшы қол қояды. Жазбаша қорытынды Директорлар Кеңесінің төрағасына беріледі.

9-БӨЛІМ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨЗ МІНДЕТТЕРІН АТҚАРУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ШЫҒЫСТАРДЫ ӨТЕУ

27. Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы және өтемақы алу құқығы

106. Жалғыз акционердің шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындауы кезеңінде, мемлекеттік қызметшілер болып табылатын мүшелерді қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын атқаруына байланысты сыйақылар және (немесе) шығыстар өтелуі мүмкін

28. Сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері, оларды төлеу шарттары

107. Сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері, оларды төлеу шарттары Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

10-БӨЛІМ. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

29. Директорлар кеңесі мүшесінің Қоғам істерімен танысу рәсімі

108. Директорлар кеңесінің әрбір жаңа мүшесі Қоғамның тарихымен, Директорлар кеңесінің жұмысымен, құжаттармен, Қоғамның жылдық есептерімен, Жалғыз акционердің шешімдерімен, отырыстардың хаттамаларымен және директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерімен, Қоғамның Жарғысымен және өзге ішкі құжаттарымен, сондай-ақ Қоғам туралы басқа да ақпаратпен таныстыруды көздейтін қоғамның істерімен танысу рәсімінен өтеді.

109. Сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары мен шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер) Басқарма орналасқан жерде немесе қоғам мұрағатында мерзімсіз сақталады.

110. Қоғамның Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және/немесе оған хаттама мен

шешімнің Корпоративтік хатшының қолымен және мөрмен расталған көшірмелерін беруге міндетті.

30. Директорлар кеңесі мен оның мүшелері жұмысының қызметін бағалау

111. Директорлар кеңесінің, комитеттердің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау жыл сайынғы негізде жүргізіледі.

112. Бағалау жүргізу ұдайылық, кешенділік, үздіксіздік, шынайылық, құпиялылық сияқты принциптер бойынша жүзеге асырылады.

113. Директорлар Кеңесінің, оның комитеттері мен Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу процесі, мерзімдері мен тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

114. Бағалауды Директорлар кеңесі кадрлар және сыйақылар жөніндегі Комитеттің тиісті бағасын ескере отырып, жыл сайынғы негізде жүргізеді. Бағалау әдістері - өзін-өзі бағалау немесе бағалау сапасын жақсарту үшін тәуелсіз кеңесшіні тарту. Тәуелсіз сыртқы консультант қоғам қаражаты есебінен кемінде үш жылда бір рет тартылады.

115. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің бүкіл құрамын немесе оның жекелеген мүшесін қайта сайлаудағы, Директорлар кеңесінің құрамын және Директорлар кеңесінің Мүшелеріне сыйақы мөлшерін қайта қараудағы жалғыз акционер үшін негіз болып табылады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелері қызметінің нәтижелерінде елеулі кемшіліктер болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционермен консультациялар өткізеді.

Директорлар кеңесі жыл сайынғы жылдық есепте Директорлар кеңесіне бағалау жүргізу тәсілін және оның нәтижелері бойынша қабылданған шараларды көрсетеді.

116. Жалғыз акционер директорлар кеңесін өз бетінше немесе тәуелсіз кеңесшінің қатысуымен бағалай алады. Жалғыз акционер жүргізетін бағалау кезінде Директорлар кеңесі жүргізген бағалау нәтижелері, Қоғам қызметінің нәтижелері, ПӘК/КРІ орындалуы ескеріледі.

(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).

31. Ережені бекіту және оған өзгерістер енгізу

117. Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

118. Осы Ережемен реттелмейтін бөлігінде қоғамның ішкі құжаттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алу қажет.

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгерістер:

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2022 жылғы 27 сәуір №3 хаттама).

2. № 2 өзгерістер:

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2024 жылғы 27 желтоқсандағы №13 хаттама).